

Жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімінің 2016 жылғы 6 мамырдағы № 13 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 7 маусымда № 3757 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімінің 2017 жылғы 5 маусымдағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімінің 05.06.2017 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 " Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы" қаулысына және Шардара ауданы әкімдігінің жанындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссия отырысының 2016 жылғы 4 мамырдағы № 3 хаттамасы негізінде, Шардара ауданының әкімі **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қызылқұм магистралды каналының 14+00 бекетінде және Қызылқұм магистралды каналының екінші кезеңіндегі 67+00 бекетінде апатты жағдайдың орын алуына байланысты объектілерде жергілікті ауқымдағы техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. "Шардара ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Шардара ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Шардара ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Жолдыбайға жүктелсін.

4. Осы шешім алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК